a)	Все расходы, понесенные Поставщиком в отношении Поставки Товаров согласно Условиям Поставки, включая, без ограничений, все роялти и лицензионные сборы, стоимость транспортировки Товаров Покупателю, обеспечение техники безопасности, охраны труда, здоровья и защиты окружающей среды согласно Условиям Поставки;	Жеткізу талаптарына сәйкес Тауарларды Жеткізуге қатысты Жеткізуші жұмсаған барлық роялти мен лицензиялық алымдарды, салықтарды, Сатып алушыға Тауарларды тасымалдау құнын, Жеткізу талаптарына сәйкес қауіпсіздік техникасын, еңбекті, денсаулықты және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуді қоса алғанда барлық шығыстар;	All expenses incurred by the Supplier in relation to the Supply of the Goods as per the Delivery Terms, including, but not limited to, all royalties and license fees and cost of transportation of the Goods to the Buyer, protection of safety, health and the environment as per the Delivery Terms;
b)	Налоги и прочие сборы, применимые к Поставке, если иное не указано в Договоре Поставки. Распределение ответственности за пошлины и страховые сборы действует в соответствии с Условиями Поставки;	Жеткізу шартында басқасы көрсетілмесе, Жеткізуге қатысты қолданылатын салықтар мен өзге де алымдар; Баждар мен сақтандыру алымдары үшін жауапкершілікті үлестіру Жеткізу талаптарына сәйкес әрекет етеді;	Taxes or other charges applicable to the Supply, unless stated otherwise in the Purchase Order. The allocation of responsibility for duties and insurance charges shall be in accordance with the Delivery Terms;
c)	Запасные части для пусконаладки, включенные в Приложение-инструкцию 6;	6-Қосымша-нұсқаулыққа енгізілген іске қосу-баптауға арналған қосалқы бөлшектер;	Commissioning Spares described in Exhibit 6;
d)	Таможенные пошлины, акцизы и другие подобные сборы (любое снижение или возмещение таможенных пошлин или акцизов действует в пользу Покупателя) в соответствии с Условиями Поставки;	Жеткізу талаптарына сәйкес кедендік баждар, акциздер және басқа да осындай алымдар (кедендік баждарды немесе акциздерді кез келген төмендету немесе өтеу Сатып алушының пайдасына қолданылады);	Customs duty, excise and other like charges (any reduction or refunds of customs duty or excise will be to the benefit of the Buyer) in accordance with the Delivery Terms;
e)	Расходы на проведение всех встреч, подготовку чертежей, документации, руководств по установке, проведение заводского осмотра, заводских испытаний, подготовку отчетов по испытаниям методом неразрушающего контроля, актов испытаний и справочников кодов, указанных в Договоре Поставки;	Барлық кездесулерді өткізуге, сызбаларды, құжаттаманы, орнату жөніндегі нұсқаулықтарды дайындауға, зауыттық қарап тексеруді, зауыттық сынақтарды жүргізуге, бұзбай бақылау әдісімен жасалған сынақтар бойынша есептерді, Жеткізу шартында көрсетілген сынақ актілері мен код анықтамалықтарын дайындауға байланысты шығыстар;	The cost of all meetings, drawings, documentation, installation manuals, shop inspection, shop testing, non-destructive examination (NDE) reports, test certificates and code data books as specified in this Purchase Order;
f)	Ни при каких обстоятельствах Поставщик не имеет права на дополнительную оплату в результате предпринятых им действий, которые не соответствуют Условиям Договора Поставки.	Жеткізушінің ешбір жағдайда өзі қабылдаған, Жеткізу шартының талаптарына сәйкес келмейтін іс-әрекеттер салдарынан қосымша ақы алуға құқығы жоқ.	Under no circumstances is the Supplier entitled to additional payment as a result of actions taken that do not comply with the terms of the Purchase Order.

6 СРОКИ, ГРАФИК, ОТВЕТСТВЕННОСТЬ / МЕРЗІМДЕР, КЕСТЕ, ЖАУАПКЕРШІЛІК / DEADLINES, TIMETABLE, RESPONSIBILITY

6.1	Поставщик должен выполнить поставку Товаров в Пункт Поставки в день Согласованной даты Доставки, указанной в Деталях Заказа или в Заказе на отгрузку. Поставка Товара по настоящему Договору поставки должна быть осуществлена Поставщиком в соответствии с условиями, указанными в Деталях Заказа или Заказе на отгрузку.	Жеткізуші Тауарларды Жеткізу орнына Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген Келісілген жеткізу күні жеткізуді орындауы тиіс. Жеткізуші осы Жеткізу шарты бойынша Тауарды Тапсырыс деректерінде немесе Жөнелту тапсырысында көрсетілген талаптарға сәйкес жеткізуі тиіс.	The Supplier must complete delivery of the Goods to the Delivery Point within the Agreed Date(s) for Delivery specified in the Order Details or Shipment Order. The Supplier must complete delivery of the Goods under this Purchase Order in accordance with the terms and conditions specified in the Order Details or Shipment Order.
6.2	В тех случаях, когда Поставщик желает поставить Товары до Согласованной даты Доставки, он должен получить от Покупателя письменное согласование даты ранней доставки. Покупатель не обязан принимать Товары, доставленные раньше Согласованной даты Доставки. Если Покупатель не принимает досрочную	Жеткізуші тауарларды Келісілген жеткізу күніне дейін жеткізгісі келген жағдайда, ол Сатып алушыдан ерте жеткізу күніне жазбаша келісім алуы керек. Сатып алушы Келісілген жеткізу күнінен бұрын жеткізілген Тауарларды қабылдауға міндетті емес. Егер Сатып алушы мерзімінен бұрын жеткізілген Тауарларды	When the Supplier desires to deliver the Goods before the Agreed Date(s) for Delivery, it shall seek the written approval from the Buyer for the early date of delivery. The Buyer is not obliged to take delivery of the Goods before the Agreed Date(s) for Delivery. If the Buyer does not take early delivery of the Goods, the Supplier must, at its cost hold

	доставку Товаров, то Поставщик обязан за свой счет хранить Товары на складе (в должных условиях хранения) до Согласованной даты Доставки.	қабылдамаса, онда Жеткізуші Тауарларды Келісілген жеткізу күніне дейін қоймада (тиісті дәрежедегі сақтау талаптарымен) өз қаражаты есебінен сақтауға міндетті.	the Goods in store (in proper conditions) until the Agreed Date(s) for Delivery.
6.3	Срок является существенной составляющей обязательств Поставщика. Поставщик направляет Покупателю незамедлительное Уведомление в любом случае не позднее 10 (десяти) календарных дней с момента наступления любого действия, события или условия, которые:	Мерзім Жеткізушінің міндеттемелерінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Жеткізуші Сатып алушыға кез келген іс-әрекет, оқиға немесе талаптар басталған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күннен кешіктірмей кез келген жағдайда дереу Хабарлама жібереді, ол:	Time is of the essence of the Supplier's obligations. The Supplier shall provide a prompt Notice to the Buyer, and in any event within 10 (ten) calendar days from the occurrence of any act, event or condition, that:
a)	по ожиданиям, приведут к задержке доставки; и/или	болжамдар бойынша жеткізу мерзімі кешіктірілетін; және/немесе	is anticipated to result in a delay in delivery; and/or
b)	могут дать Поставщику основания для запроса на корректировку Согласованной даты Доставки. В течение 15 (пятнадцати) календарных дней с момента предоставления Уведомления Поставщиком, он должен обосновать свою претензию информацией, протоколами и документацией, в разумных пределах необходимыми и удовлетворительными для Покупателя и подлежащими проверке Покупателем. Если Поставщик не предоставит Уведомление или подтверждающие документы в течение такого срока, Покупатель имеет право отказать в рассмотрении запроса Поставщика на любые корректировки Согласованной даты Доставки или компенсацию.	Жеткізушіге Келісілген жеткізу күнін түзетуге сұрау салу үшін негіздеме бере алады. Жеткізуші Хабарлама берген сәттен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде ол өзінің наразылығын Сатып алушының тексеруіне және Сатып алушы үшін қолайлы болып табылатын қажетті және қанағаттанарлық шекте ақпаратпен, хаттамалармен және құжаттамамен негіздеуі тиіс. Егер Жеткізуші осындай мерзім ішінде Хабарламаны немесе растайтын құжаттарды ұсынбаса, Сатып алушы Жеткізушінің Келісілген жеткізу күніне кез келген түзетулерді немесе өтемақыны қараудан бас тартуға құқылы.	may give grounds to the Supplier to request an adjustment to the Agreed Date(s) for Delivery. Within 15 (fifteen) calendar days from such Notice by the Supplier, it shall substantiate its claim with information, records and documentation reasonably necessary and satisfactory to the Buyer and subject to the verification of the Buyer. If the Supplier fails to provide a Notice or supporting documents within such periods, the Buyer has the right to refuse to consider the Supplier's request for any adjustment to the Agreed Date(s) for Delivery or compensation.
6.4	Если Покупатель согласен на корректировку графика/Согласованной даты Доставки согласно Статье 20, то срок остается существенным условием в отношении продленных сроков.	Егер Сатып алушы 20-бапқа сәйкес кестеге/Келісілген жеткізу күніне түзету енгізуге келісімін берсе, онда мерзім ұзартылған мерзімдерге қатысты айтарлықтай талап болып қалады.	If the Buyer agrees to an adjustment to schedule/Agreed Date(s) for Delivery in accordance with Article 20, time will remain of the essence in respect of the extended time.
6.5	Поставщик обязан, после консультации с Покупателем и без ограничения прав или средств защиты Покупателя согласно Статьям 6, 13 и 27, принимать такие меры по исправлению ситуации, которые необходимы для ускорения доставки Товаров, с тем чтобы Товары были доставлены, насколько это возможно, в день Согласованной даты Доставки или максимально близко к ней и смягчать последствия любых задержек.	Жеткізуші Сатып алушымен келісімге келгеннен кейін 6, 13 және 27-баптарға сәйкес Сатып алушының құқықтары мен қорғау құралдарын шектеместен, Тауарлардың Келісілген жеткізу күнінде немесе оған барынша жақын күндері жеткізілуін қамтамасыз ету үшін Тауарларды жеткізуді жеделдету үшін қажетті жағдайды түзету бойынша шараларды қабылдауға және кез келген кідірістердің салдарын жеңілдетуге міндетті.	The Supplier must, after consultation with the Buyer, and without limiting the Buyer's rights or remedies under Articles 6, 13 and 27, take such remedial steps as necessary to expedite and accelerate the delivery of the Goods so that the Goods are delivered on or as close to the Agreed Date(s) for Delivery as is reasonably practicable and to mitigate the effects of any delays.
6.6	Если Поставщик не может совершить поставку в пределах сроков, предусмотренных в Договоре Поставки, или в пределах сроков, измененных согласно любым Изменениям в Договор Поставки, то, кроме случаев, когда задержка вызвана собственными действиями или бездействием Покупателя, Покупатель может, по своему выбору, потребовать от Поставщика совершения действий, указанных в Статьях 6.5 и 6.10, и применить заранее оцененные убытки за задержку доставки в соответствии со Статьей 6.8 (в случае применимости).	Кешіктіру Сатып алушының өз іс-әрекеттерінен немесе әрекетсіздігінен туындаған жағдайларды қоспағанда, егер Жеткізуші Жеткізу шартында көзделген мерзімдер шегінде немесе Жеткізу шартына енгізілген кез келген өзгерістерге сәйкес өзгертілген мерзімдер шегінде жеткізуді жасай алмаса, Сатып алушы өз таңдауы бойынша Жеткізушіден 6.5 және 6.10-баптарда көрсетілген іс-әрекеттерді орындауын талап ете алады және 6.8-бапқа сәйкес (қолданылатын жағдайда) жеткізуді кешіктіргені үшін алдын ала бағаланған шығындарды қолдана алады.	If the Supplier is unable to make delivery within the time stipulated in the Purchase Order and as amended by any Change Orders, the Buyer will, unless the delay results from the Buyer's own action or omission, at its own option, be entitled to demand from the Suppler actions described in Articles 6.5 and 6.10 and apply liquidated damages for late delivery in accordance with Article 6.8 (as applicable).
a)	у Покупателя возникнет ущерб в результате невыполнения Поставщиком таких обязательств;	Сатып алушыда Жеткізушінің осындай міндеттемелерді орындамауы салдарынан залал пайда болады;	the Buyer will be damaged by failure of the Supplier to meet such obligations;
b)	будет невозможно или крайне сложно рассчитать фактический ущерб, причиненный в результате этого;	осының салдарынан келтірілген нақты зиянды есептеу мүмкін болмайды немесе өте қиын болады;	it would be impracticable or extremely difficult to calculate the actual damages resulting therefrom;
c)	любые суммы, подлежащие уплате в соответствии с настоящей Статьей 6, носят характер заранее оцененных убытков, а не штрафа, и являются справедливыми и	осы 6-бапқа сәйкес төленуі тиіс кез келген сомалар айыппұл емес, алдын ала бағаланған залалдар сипатына ие және әділ әрі қолайлы болып табылады;	any sums that would be payable under this Article 6 are in the nature of liquidated damages, and not a penalty, and are fair and reasonable;

	разумными;		
d)	такой платеж представляет собой разумную оценку справедливой компенсации убытков Покупателя, которых можно обоснованно ожидать в результате такого невыполнения; и	мұндай төлем Сатып алушының осындай орындамау салдарынан туындаған негізді түрде күтуге болатын залалдарының әділ өтемақысының қолайлы бағасын білдіреді; және	such payment represents a reasonable estimate of fair compensation for the losses of the Buyer that may reasonably be anticipated from such failure; and
e)	Стороны предварительно согласились с применимыми ставками и лимитами возмещения убытков, а также согласны с тем, что заранее оцененные убытки не подлежат оспариванию в соответствии с Законами или любой другой правовой юрисдикцией.	Тараптар шығындарды өтеудің қолданылатын мөлшерлемелерімен және лимиттерімен алдын ала келісті, сондай-ақ алдын ала бағаланған залалдар Заңдарға немесе кез келген басқа құқықтық құзыретке сәйкес дауласуға жатпайтындығымен келіседі.	the Parties have pre-agreed to the applicable rates and limits of the damages and further agree that the liquidated damages are not challengeable under the Laws or under any other legal jurisdiction.
6.7	Стороны согласовали следующие ставки и лимиты **заранее оцененных убытков**, по которым Поставщик несет ответственность перед Покупателем:	Тараптар **алдын ала бағаланған залалдардың** келесі мөлшерлемелері мен лимиттерін келісімге алды, ол бойынша Жеткізуші Сатып алушының алдында жауап беретін болады:	The Parties have agreed the following rates and limits of **liquidated damages**, for which the Supplier shall be liable to the Buyer:
a)	За задержку предоставления Требований к Чертежам и Данным Поставщика (VDDR), как указано в Договоре Поставки: сумму в валюте Договора Поставки, эквивалентную 250,00 (двести пятьдесят) долларов США (по обменному курсу, действующему на дату настоящего Договора Поставки) за каждый календарный день, но не более 10 (десяти) % от Суммы; и	Жеткізу шартында көрсетілгендей Жеткізушінің Сызбалары мен Деректеріне (VDDR) қойылатын талаптарды ұсынуды кешіктіргені үшін: Жеткізу шартының валютадағы сомасын, яғни 250,00 (екі жүз елу) АҚШ доллары (осы Жеткізу шарты жасалған күндегі айырбастау курсы бойынша) мөлшеріндегі сома, әрбір күнтізбелік күн үшін бірақ Соманың 10%-ынан (он) аспайды; және	For late delivery of the VDDR, as defined in the Purchase Order: a sum in the currency of the Purchase Order equivalent to USD 250.00 (two hundred and fifty) (at the prevailing exchange rate at the date of this Purchase Order) per calendar day up to a maximum of 10 (ten) % of the Price; and
b)	За задержку доставки Товаров (включая любую часть Товаров): сумму в размере 0.5 (ноль целых пять десятых) % от той части Суммы Договора Поставки, которая относится к задержанным Товарам, за каждый день просрочки, если положениями настоящего Договора Поставки не предусмотрено продление, но не более 10 (десяти) % от Цены таких Товаров.	Тауарларды жеткізуді кешкітіргені үшін (Тауарлардың кез келген бөлігін қоса алғанда): егер осы Жеткізу шартының ережелерінде ұзарту көзделмесе, мерзімі кешіктірілген әрбір күн үшін Жеткізу шарты сомасының ұсталған тауарларға қатысты бөлігінің 0,5% (нөл бүтін оннан бес) мөлшеріндегі сома, бірақ мұндай Тауарлар Бағасының 10%-нан (он) аспайды.	For late delivery of the Goods (including any part of the Goods): a sum equal to 0.5 (zero point five) % of the value of part of the Purchase Order Price relating to the Goods delayed, for each calendar day of delay, except as otherwise extended by the provisions of this Purchase Order, up to a maximum of 10% (ten) of the Price of such Goods.
6.8	Ответственность Поставщика за несвоевременную доставку в течение 60 (шестидесяти) календарных дней после Согласованной(ых) даты(дат) Доставки (**Дата Длительной Задержки Доставки**) ограничивается размером неустойки, указанной в пункте 6.7 b). Покупатель оставляет за собой право по собственному усмотрению отказаться от применения к Поставщику части или полной суммы неустойки за задержку доставки.	Жеткізушінің Келісілген жеткізу күнінен (күндерінен) кейін 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде уақытылы жеткізбегені үшін жауапкершілігі (**Жеткізудің ұзақ кідіртілген күні**) 6.7-b)-тармағында көрсетілген тұрақсыздық айыбының мөлшерімен шектеледі. Сатып алушы өз қалауы бойынша Жеткізушіге жеткізуді кешіктіргені үшін тұрақсыздық айыбының бір бөлігін немесе толық сомасын қолданудан бас тарту құқығын өзіне қалдырады.	The Supplier's liability for late delivery within 60 (sixty) calendar days after the Agreed Delivery Date(s) (**Delivery Long Stop Date**) is limited to the late fee specified in clause 6.7b). The Buyer reserves the right, at its sole discretion, to refuse to apply to the Supplier a part or the full amount of the penalty for late delivery.
6.9	После наступления Даты Длительной Задержки Доставки, Покупатель, без ограничения каких-либо иных средств правовой защиты, имеющихся у него в соответствии с Законами, может:	Жеткізудің ұзақ кешіктірілген күні басталғаннан кейін Сатып алушы Заңдарға сәйкес өзінде бар қандай да бір құқықтық қорғау құралдарын шектеместен:	After the Delivery Long Stop Date, the Buyer, without limiting any other remedy it may have under the Laws, may:
a)	отказаться от приема любой последующей предлагаемой поставки Товаров;	кез келген кейіннен ұсынылатын Тауар жеткізілімін қабылдаудан бас тарта алады;	refuse to accept any subsequent proposed delivery of Goods;
b)	незамедлительно расторгнуть Договор Поставки и потребовать возврата той части Суммы, которая была уплачена Поставщику;	Жеткізу шартын дереу бұза алады және Жеткізушіге төленген соманың бір бөлігін қайтаруды талап ете алады;	terminate the Purchase Order with immediate effect and demand refund of the portion of the Price paid to the Supplier;
c)	отказаться от недопоставленной части Товара по Договору Поставки, приобрести товары из альтернативного источника (включая Компании Покупателя) и взыскать с Поставщика стоимость таких товаров, приобретенных у поставщика – третьей стороны; или	Жеткізу шарты бойынша Тауардың жеткізілмеген бөлігінен бас тартуға, тауарларды баламалы көзден (Сатып алушының Компаниясын қоса алғанда) сатып алуға және жеткізуші – үшінші тараптан сатып алынған осындай тауарлардың құнын Жеткізушіден өндіріп алуға; немесе	cancel the undelivered part of the Goods under the Purchase Order, obtain Goods from an alternative source (including the Buyer Entities), and recover from the Supplier the cost of the Goods acquired from a third party supplier; or

d)	потребовать от Поставщика использования другого вида доставки (например, Air Express), предложенного Покупателем, за счет Поставщика.	Жеткізушіден Жеткізушінің есебінен Сатып алушы ұсынған жеткізудің басқа түрін (мысалы, Air Express) пайдалануды талап ете алады.	require the Supplier to use another form of delivery (for example Air Express) nominated by the Buyer at the Supplier's expense.
6.10	За отказ от поставки Товара Поставщик уплачивает Покупателю штраф в размере 20 (двадцать) % от суммы не поставленного по Договору Товара.	Тауарды жеткізуден бас тартқаны үшін Жеткізуші Сатып алушыға Шарт бойынша жеткізілмеген Тауар сомасының 20 (жиырма) % мөлшерінде айыппұл төлейді.	For refusal to supply the Goods, the Supplier shall pay the Buyer a fine in the amount of 20 (twenty)% of the amount of the Goods not delivered under the Purchase order.

7 РАЗРЕШЕНИЯ И ЛИЦЕНЗИИ / РҰҚСАТТАР ЖӘНЕ ЛИЦЕНЗИЯЛАР / PERMITS & LICENCES

7.1	Поставщик обязан без дополнительной компенсации и без промедления в обязательном порядке подавать заявления и получать все разрешения, сертификаты и лицензии, соответствующие Условиям Поставки или требуемые уполномоченными государственными органами, в юрисдикцию которых входит Поставка и Поставщик.	Жеткізуші қосымша өтемақысыз және кідіріссіз Жеткізу талаптарына сәйкес келетін немесе құзыретіне Жеткізу мен Жеткізуші кіретін уәкілетті мемлекеттік органдар талап ететін барлық рұқсаттарды, сертификаттар мен лицензияларды міндетті түрде береді және алады.	The Supplier shall ensure it will promptly apply for and procure without additional compensation all permits, certificates and licenses required by the Delivery Terms or governmental authorities having jurisdiction over the Supply and the Supplier.
7.2	Поставщик обязан приложить все разумные усилия, чтобы обеспечить все необходимые сертификаты, документы и разрешения, требующиеся для беспрепятственного ввоза Товаров в Казахстан и эксплуатации в Казахстане.	Жеткізуші Қазақстанға тауарларды кедергісіз әкелу және Қазақстанда пайдалану үшін талап етілетін барлық қажетті сертификаттарды, құжаттар мен рұқсаттарды қамтамасыз ету үшін бар күшін салуы тиіс.	The Supplier shall use all reasonable endeavours to ensure the Goods have the required certificates, documents and permits to allow unimpeded importation into, and operation in, Kazakhstan.
7.3	Поставщик обязан строго соблюдать Законы и обеспечивать их строгое соблюдение сотрудниками, агентами и представителями Поставщика, включая, но, не ограничиваясь Законами о труде, технике безопасности и охране труда и здоровья, защите окружающей среды, безопасности рудников, налогообложении, запрете подкупа государственных должностных лиц и коррупционных методов ведения деловой деятельности и т.п.	Жеткізуші Заңдарды қатаң сақтауға және оны өзінің қызметкерлерінің, агенттерінің және өкілдерінің қатаң сақтауын қамтамасыз етуі тиіс, соның ішінде Еңбек туралы заң, қауіпсіздік техникасы және еңбек пен денсаулықты қорғау, қоршаған ортаны қорғау, кеніштердің қауіпсіздігі, салық салу, мемлекеттік лауазымды тұлғаларды параға сатып алуға тыйым салу және іскерлік қызметті жүргізудің сыбайлас жемқорлық әдістерін және т. б.	The Supplier shall strictly comply with, and shall ensure its employees, agents, and representatives strictly comply with Laws, including but not limited to those relating to labour, health and safety, environmental, mine safety, and taxation, and bribery of public officials, corrupt business practices and the like.

8 ГАРАНТИИ И ЗАВЕРЕНИЯ / КЕПІЛДІКТЕР ЖӘНЕ КУӘЛАНДЫРУЛАР / WARRANTIES & REPRESENTATIONS

8.1	Поставщик, в отношении всей Поставки, заявляет и гарантирует Покупателю что:	Жеткізуші барлық Жеткізілімге қатысты Сатып алушыға төмендегілерді мәлімдейді және кепілдік береді:	The Supplier represents and warrants to the Buyer with respect to all of the Supply that:
a)	Поставщик в полной мере компетентен и обладает требуемыми навыками, знаниями, технологиями, системами, ресурсами и управленческой квалификацией для обеспечения Поставки в соответствии с требованиями настоящего Договора Поставки;	Жеткізуші толық көлемде құзыретті екенін және осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкес Жеткізуді қамтамасыз ету үшін талап етілген дағдыларының, білімінің, технологияларының, жүйелерінің, ресурстарының және басқарушылық біліктілігінің бар екенін;	The Supplier is fully competent and possesses the requisite skill, knowledge, technology, systems, resources and management expertise to provide the Supply in accordance with the requirements of this Purchase Order;
b)	Вся Поставка будет осуществляться в соответствии с такими методами работы и уровнем качества, стандартами, эффективностью и действиями, которые обычно используются компетентными, опытными и надежными поставщиками для предоставления оборудования, машин и механизмов, материалов, расходных материалов, изготовления, выработки, сборки, инженерных работ, Требований к Чертежам и Данным Производителя Поставщика (VDDR) и связанных с ними услуг, требуемых настоящим Договором Поставки,	Барлық Жеткізу әдетте құзыретті, тәжірибелі және сенімді жеткізушілердің жабдықтарды, машиналар мен механизмдерді, материалдарды, шығыс материалдарын, дайындаманы, өндіруді, құрастыруды, инженерлік жұмыстарды, Жеткізуші өндірушісінің (VDDR) Сызбалары мен Деректеріне қойылатын талаптарды және осы Жеткізу шартында талап етілетін олармен байланысты қызметтерді ұсыну үшін пайдаланатын жұмыс әдістеріне және сапа деңгейіне, стандарттарға, тиімділікке және іс-әрекеттерге сәйкес жүзеге	All of the Supply shall be performed in accordance with practices and levels of quality, standards, performance and acts which are commonly used by competent, experienced and reputable vendors to provide the equipment, machinery, appliances, materials, supplies, manufacturing, fabrication, assembly, engineering, VDDR and related services required by this Purchase Order and which, with respect to any matter for which the Supplier is responsible under this Purchase Order, may be expected in the exercise of reasonable judgment to be accomplished in a manner ensuring reliability, safety,

	успешное применение которых может ожидаться при использовании обоснованных суждений по отношению к любому вопросу, за который Поставщик несет ответственность согласно настоящему Договору Поставки, в порядке, обеспечивающем надежность, безопасность, качество, скорость и соответствие Законам и требованиям настоящего Договора Поставки;	асырылады, олардың ойдағыйдай пайдаланылуы Жеткізуші осы Жеткізу шартына сәйкес сенімділікті, қауіпсіздікті, сапаны, жылдамдықты және Заңдарға және осы Жеткізу шартының талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ететін тәртіппен жауапты болатын кез келген мәселеге қатысты негізделген пайымдауларды пайдалану кезінде күтілуі мүмкін;	quality, expediency and consistent with the Laws and the requirements of this Purchase Order;
c)	Товары:	Тауарлар:	The Goods will:
i	соответствуют всем чертежам, спецификациям или другим описаниям, входящим в настоящий Договор Поставки (предоставленным Поставщиком и утвержденным Покупателем);	осы Жеткізу шартына кіретін (Жеткізуші ұсынған және Сатып алушы бекіткен) барлық сызбаларға, ерекшеліктерге немесе басқа сипаттамаларға сәйкес келеді;	comply with all drawings, specifications, or other descriptions forming part of this Purchase Order (and furnished by the Supplier and approved by the Buyer);
ii	являются новыми, не ограниченными в обороте;	жаңа, бұрын қолданыста болмаған, айналымда шектелмегеніне;	be new, not limited in the turnover;
iii	не содержат дефектов и повреждений;	ақаулары мен зақымдалулары жоқ;	be free from defects and damages;
iv	на дату доставки срок годности товара должен составлять не менее 2/3 от общего срока годности, указанного в Сертификате качества или ином документе, сопровождающем Товар. В случае, если на момент передачи Товара Поставщиком Покупателю срок годности Товара будет составлять менее 2/3 от общего срока годности Товара, Покупатель имеет право отказать от приемки такого Товара. Все обязательства по возврату такого Товара Покупателем Продавцу из места поставки Товара осуществляется исключительно силами и за счет Поставщика.	жеткізу күніне тауардың жарамдылық мерзімі сапа сертификатында немесе тауарға ілеспе өзге де құжатта көрсетілген жалпы жарамдылық мерзімінің кемінде 2/3-ін құрауы тиіс. Егер жеткізуші тауарды Сатып алушыға берген сәтте тауардың жарамдылық мерзімі тауардың жалпы жарамдылық мерзімінің 2/3-нен кем болса, Сатып алушы мұндай тауарды қабылдаудан бас тартуға құқылы. Сатып алушының тауарды жеткізу орнынан Сатушыға осындай тауарды қайтару жөніндегі барлық міндеттемелері Жеткізушінің күшімен және есебінен ғана жүзеге асырылады.	as at the delivery date, the shelf life of the Goods must be at least 2/3 of the total shelf life of such Goods specified in the Quality Certificate or another document accompanying the Goods. If, at the time of handover of the Goods by the Supplier to the Buyer, the shelf life of the Goods is less than 2/3 of the total shelf life of the Goods, the Buyer shall be entitled to refuse to receive such Goods. All obligations for the return of such Goods by the Buyer to the Supplier from the place of delivery of the Goods shall be carried out by using only the Supplier's own resources and at its own expense.
v	точно соответствуют собственным системам и требованиям обеспечения качества и контроля качества Поставщика, описанным в Статье 9.1 ниже; и	сапасы мен параметрлері бойынша төмендегі 9.1 -бапта сипатталған Жеткізушінің меншікті жүйелері мен сапаны қамтамасыз ету және сапаны бақылау талаптарына дәл сәйкес келеді; және	conform precisely with the Supplier's own quality management system and requirements described in Article 9.1 below; and
vi	соответствуют стандартам, установленным любой ассоциацией по стандартизации, местным органом власти, регулирующим или снабженческим комитетом и/или любым другим органом или ассоциацией, устанавливающей требования к качеству в отношении Товаров, сопровождающих услуг или типов составных частей Товаров.	стандарттау жөніндегі кез келген қауымдастық, жергілікті билік органы, реттеуші немесе жабдықтау комитеті және/немесе Тауарларға, ілеспе қызметтерге немесе Тауарлардың құрамдас бөліктерінің түрлеріне қатысты сапаға қойылатын талаптарды белгілейтін кез келген басқа орган немесе қауымдастық белгілеген стандарттарға сәйкес келеді.	comply with the standards laid down by any standards association, local authority or supply board and/or any other body or association governing or establishing quality requirements in relation to the Goods, the supporting services or the kinds of components comprising the Goods.
8.2	В случае любого противоречия между i), iv) или v) выше, Покупатель по своему собственному усмотрению принимает решение о том, какой стандарт применять;	Жоғарыда i), iv) немесе v) тармақшалары арасында кез келген қайшылық болған жағдайда, Сатып алушы өз қалауы бойынша қандай стандартты қолданатыны туралы шешім қабылдайды;	In the case of any conflict in i), iv) or v), the Buyer shall at its sole discretion, adjudicate on the standard to be applied;
a)	Товары, поставляемые Поставщиком по настоящему Договору Поставки, принадлежат ему на праве собственности, и имеют легальное происхождение (в том числе, прошли необходимую таможенную очистку); и	Осы Жеткізу шарты бойынша Жекізуші жеткізетін Тауарлар оған меншік құқығымен тиесілі болады және ресми шығарылған (оның ішінде қажетті кедендік тазартудан өткен); және	The Supplier is the legal and beneficial owner of the Goods supplied by it under this Purchase Order and the Goods have been legally sourced and undergone all applicable customs clearance procedures; and
b)	Товары при доставке будут свободны от всех обременений, залогов, и споров («**Обременения**»).	Жеткізу кезінде Тауарлар барлық ауыртпалықтардан, кепілдіктен және даудан («**Ауыртпалықтар**») бос болады.	The Goods at delivery will be free from all charges, liens, encumbrances and disputes (the «**Encumbrances**»).
8.3	Если в Особых условиях не указано иное, Поставщик гарантирует качество, комплектность (полноту) и работоспособность поставленных Товаров в течение наиболее раннего из следующих	Егер Ерекше талаптарда өзгеше көрсетілмесе, Жеткізуші жеткізілген Тауарлардың сапасына, жиынтықтығына (толықтығына) және келесі мерзімдердің неғұрлым ерте	Unless stated otherwise in the Special Terms and Conditions, the Supplier warrants the quality, completeness and operability of the delivered Goods within, the earlier of:

	сроков:	мерзімінің ішінде жұмысқа қабілеттілігіне кепілдік береді:	
a)	24 (двадцать четыре) месяца с даты Передачи владения; или	меншік құқығы берілген күннен бастап 24 (жиырма төрт) ай; немесе	24 (twenty four) months from the date of the Transfer of custody; or
b)	12 (двенадцать) месяцев после Установки товаров на фабрике или на оборудовании («**Гарантийный период**»); и	фабрикада немесе жабдықта Тауарларды орнатқаннан кейін 12 (он екі) ай («**Кепілдік кезеңі**»); және	12 (twelve) months after the Installation of Goods in the plant or on the equipment (the «**Warranty Period**»); and
c)	устраняет за свой счет все дефекты, которые могут возникнуть при использовании Товара. Для целей настоящей статьи, расходы, за которые несет ответственность Поставщик, включают стоимость рабочей силы, транспортировку, расходы по разбору и сборке для установки, любые импортные и экспортные сборы и пошлины.	Тауарды пайдалану кезінде туындауы мүмкін барлық ақауларды өз есебінен жояды. Осы баптың мақсаттары үшін Жеткізуші жауапты болатын шығыстарға жұмыс күшінің құны, тасымалдау, орнату үшін бұзу және жинау бойынша шығыстар, кез келген импорттық және экспорттық алымдар мен баждар кіреді.	shall eliminate at its own expense all defects, which may appear in the course of using the Goods. For the purpose of this Article, the costs for which the Supplier is liable include cost of labour, transportation, in and out costs, any import and export fees and duties.
8.4	Если применимо, Поставщик гарантирует, что чертежи, инженерно-технические спецификации и разработанная инженерная документация являются точными при их передаче Покупателю. Согласно определениям, используемым в настоящем Договоре Поставки, термины «чертежи», «инженерно-технические спецификации» и «разработанная инженерная документация» означают чертежи, детализацию узлов и технические данные, переданные Поставщиком Покупателю, которые подробно показывают: (i) предлагаемое изготовление и сборку структурных компонентов, и (ii) установку (то есть детали формы, совместимости и соединения) Товаров. Без освобождения Поставщика от вышеуказанной гарантии или любого другого обязательства Поставщика согласно настоящему Договору Поставки, Поставщик обязан немедленно письменно проинформировать Покупателя о любых различиях между первоначальными чертежами и окончательными заверенными чертежами, переданными Покупателю.	Егер қолданылатын болса, Жеткізуші сызбалардың, инженерлік-техникалық ерекшеліктердің және әзірленген инженерлік құжаттаманың оларды Сатып алушыға берген кезде дәл болатынына кепілдік береді. Осы Жеткізу шартында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес «сызбалар», «инженерлік-техникалық ерекшеліктерн» және «әзірленген инженерлік құжаттама» терминдері Жеткізушінің Сатып алушыға берген сызбаларын, тораптардың мәліметтерін және техникалық деректерін білдіреді, олар: (i) ұсынылатын құрылымдық компоненттерді дайындауды және Тауарларды құрастыруды және (ii) орнатуды (яғни үлгінің бөлшектері, үйлесімділігі және жалғануы) егжей-тегжейлі көрсетеді. Жеткізушіні жоғарыда көрсетілген кепілдіктен немесе осы Жеткізу шартына сәйкес Жеткізушінің кез келген басқа міндеттемесінен босатпай, Жеткізуші Сатып алушыға берілген бастапқы сызбалар мен түпкілікті куәландырылған сызбалар арасындағы кез келген айырмашылықтар туралы Сатып алушыға жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті.	If applicable, the Supplier warrants that drawings, technical specifications and engineering deliverables will be accurate when submitted to the Buyer. As used in this Purchase Order, drawings, technical specifications and engineering deliverables means drawings, component detalization and technical data submitted by the Supplier to the Buyer, showing in detail (i) the proposed fabrication and assembly of structural elements and (ii) the installation (i.e. form, fit, and attachment details) of the Goods. Without relieving the Supplier of the foregoing warranty or any of the Supplier's other obligations under this Purchase Order, the Supplier shall immediately inform the Buyer, in writing, of any differences between the initial drawings and final certified drawings submitted to the Buyer.
8.5	Настоящим, Поставщик, в отношении всей Поставки, заявляет и гарантирует Покупателю, что любой нижеуказанный документ будет являться уведомлением о дефектах:	Осы арқылы Жеткізуші барлық Жеткізілімге қатысты Сатып алушыға төменде көрсетілген кез келген құжаттың ақаулар туралы хабарлама болып табылатынын мәлімдейді және кепілдік береді:	The Supplier represents and warrants to the Buyer with respect to all of the Supply that any of the bellow document will represent a notice of Defects:
a)	первое подтвержденное сообщение Покупателя, сотрудников или подрядчиков Покупателя Поставщику по электронной почте о дефекте(ах) или недостатках в Товарах или симптомах, признаках или последствиях таких дефектов или недостатков; или	Сатып алушының, Сатып алушының қызметкерлерінің немесе мердігерлерінің электрондық пошта арқылы Жеткізушіге тауарлардағы ақаулар немесе кемшіліктер немесе осындай ақаулардың немесе кемшіліктердің белгілері немесе салдары туралы алғашқы расталған хабарламасы; немесе	the first confirmed communication from the Buyer, the Buyer's employees or contractors, to the Supplier, sent via email, regarding the defect(s) or deficiencies in the Goods or the symptoms, signs or effects of such defects or deficiencies; or
b)	заполненный и подписанный Акт о несоответствии Товара, указывающий дефекты или недостатки во время приемки Товара на складе;	Тауарды қоймаға қабылдау кезіндегі ақауларды немесе кемшіліктерді көрсететін толтырылған және қол қойылған Тауардың сәйкес келмейтіндігі туралы акті;	the filled in and signed Goods OSND Report indicating defects or deficiencies detected during the receiving of the Goods in the warehouse;
c)	акты произвольной формы, составленные по выявленным дефектам во время запуска оборудования, проведения пусконаладочных работ или во время работы оборудования в период действия гарантийного срока или после истечения гарантийного срока и т.д. (далее «**Уведомление о дефектах**»).	жабдықты іске қосу, іске қосу-жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде немесе кепілдік мерзімінің қолданылу кезеңінде немесе кепілдік мерзімінің аяқталуынан кейін жабдықтың жұмыс істеуі кезінде анықталған ақаулар бойынша жасалған еркін нысандағы актілер және т. б. (бұдан кейін «**Ақаулар туралы хабарлама**»).	reports drawn up in an arbitrary form regarding defects detected during the start-up, commissioning or operation of the equipment during the warranty period or after the expiration of the warranty period, etc. (hereinafter, the «**Notice of Defects**»).
8.6	Уведомление о дефектах, переданное до истечения Гарантийного	Кепілдік кезеңі аяқталғанға дейін берілген ақаулар туралы	The Notice of defect communicated prior to the expiration of the

	периода, будет считаться действительным и подлежать исполнению Поставщиком в соответствии с требованиями Покупателя, выставленными согласно настоящей Статье и Статье 12.3, даже если любая из Сторон предпримет расследование, проверку или исправление дефектов после истечения Гарантийного периода.	хабарлама, егер Тараптардың кез келгені Кепілдік кезеңі өткеннен кейін ақауларды тексеруді немесе түзетуді қабылдаса да, осы бапқа және 12.3-бапқа сәйкес ұсынылған Сатып алушының талаптарына сәйкес жарамды деп есептеледі және Жеткізуші оны орындауы тиіс.	Warranty Period shall be deemed valid and actionable by the Supplier in accordance with the requirements of the Buyer communicated pursuant to this Article and Article 12.3 even if the investigation, validation or remedial actions are taken by either Party after the Warranty Period expires.
8.7	На Товары, исправленные согласно гарантии Поставщика в соответствии с настоящей Статьей 8, новый 12-месячный Гарантийный период начинает действовать с того момента, когда началась полная эксплуатация исправленных Товаров. При замене Товара Гарантийный период однократно продлевается на 12 (двенадцать) месяцев с момента ремонта или замены, но не должен превышать 12 (двенадцать) месяцев с момента истечения первоначального срока. Количество замен в рамках данного периода не ограничено.	Осы 8-бапқа сәйкес Жеткізушінің кепілдігіне сай түзетілген Тауарларға жаңа 12 айлық Кепілдік кезеңі түзетілген Тауарларды толық пайдалану басталған сәттен бастап күшіне енеді. Тауарды ауыстырған жағдайда Кепілдік кезеңі жөндеу немесе ауыстыру сәтінен бастап бір рет 12 (он екі) айға ұзартылады, бірақ бастапқы мерзім өткен сәттен бастап 12 (он екі) айдан аспауға тиіс. Осы кезеңдегі ауыстыру саны шектелмеген.	For the Goods that are corrected pursuant to the Supplier's warranty under this Article 8, a new 12-month Warranty Period will start from the moment the corrected Goods are fully operational. In case of Goods replacement, the Warranty Period shall be prolonged once for 12 (twelve) months from the moment of repair or replacement, but it shall not exceed 12 (twelve) months from the date of the original period expiry. The number of replacements is not limited within this period.
8.8	Поставщик не несет ответственности ни за какие дефекты и убытки, возникшие в результате действий Покупателя, запрещенных согласно руководствам по эксплуатации и техническому обслуживанию или официально опубликованным инструкциям производителя, предоставленным Поставщиком Покупателю в соответствии со Статьей 10.8.	Жеткізуші 10.8-бапқа сәйкес Жеткізушінің Сатып алушыға берген өндірушінің пайдалану және техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарына немесе өндірушінің ресми жарияланған нұсқаулықтарына сәйкес Сатып алушының тыйым салынған іс-әрекеттерді орындау салдарынан туындаған қандай да бір ақаулар мен залалдар үшін жауап бермейді.	The Supplier shall not be liable for any defects and damages resulting from the Buyer's actions prohibited under the operation and maintenance manuals or officially published instructions of the manufacturer, delivered by the Supplier to the Buyer in accordance with Article 10.8.
8.9	Гарантии Поставщика в явной форме распространяются на каждую из Компаний Покупателя.	Жеткізушінің кепілдіктері Сатып алушының әр компаниясына нақты қолданылады.	The Supplier's warranties expressly extend to the Buyer Entities.

9 КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО / САНЫ МЕН САПАСЫ / QUANTITY AND QUALITY

9.1	Количество Товара поставляется согласно Деталям Заказа и/или Заказу на отгрузку и должно соответствовать товарно-сопроводительным документам. Качество Товара, комплектность, наименование, обозначение, техническое состояние, маркировка и упаковка должны соответствовать действующим ГОСТ для такого вида Товара и/или техническим условиям, указанным в Деталях Заказа и/или Заказах на отгрузку и приложении (ях), и удостоверяются соответствующими документами, (сертификат соответствия или паспорт изделия, или сертификат качества или инструкция по эксплуатации и т.п).	Тауардың саны Тапсырыс деректеріне және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа сәйкес жеткізіледі және тауардың ілеспе құжаттарына сай болуы тиіс. Тауардың сапасы, толықтығы, атауы, белгіленуі, техникалық жай-күйі, таңбалануы және буып-түюі Тауардың осы түрі үшін қолданыстағы МЕМСТ-қа және/немесе Тапсырыс деректеріне және/немесе Жөнелтуге арналған тапсырысқа және қосымшаның(лардың) егжей-тегжейінде көрсетілген техникалық талаптарға сәйкес келуге тиіс және тиісті құжаттармен куәландырылады, (сәйкестік сертификаты немесе бұйымның паспорты немесе сапа сертификаты немесе пайдалану жөніндегі нұсқаулық және т.б.).	The Quantity of the Goods is supplied in accordance with the Order Details and/or the Shipment Order and must be in accordance with the shipping documents. The quality of the Goods, completeness, name, designation, technical condition, marking and packaging shall comply with the existing GOST for this type of Goods and/or technical conditions specified in the Order Details and/or Shipment Order and Appendix (es), and be confirmed by supporting documents (compliance certificate or product certificate, or quality certificate, or operation manual etc.).

10 ПОСТАВКА ТОВАРОВ / ТАУАРЛАРДЫ ЖЕТКІЗУ / DELIVERY OF GOODS

10.1	Уведомление: Если Товары поставляются на условиях Incoterms, за исключением DDP, Поставщик обязан не менее, чем за 5 (пять) Рабочих Дней до отправки Товаров, предоставить проект отгрузочных документов Покупателю и/или уполномоченному экспедитору Покупателя. Такие отгрузочные документы включают, но не ограничиваются документами, перечисленными ниже:	Хабарлама: Егер тауарлар DDP-ні қоспағанда, Incoterms талаптарымен жеткізілетін болса, Жеткізуші Тауарларды жөнелтуге дейін кемінде 5 (бес) жұмыс күні бұрын Сатып алушыға және/немесе Сатып алушының уәкілетті экспедиторына жөнелту құжаттарының жобасын ұсынуға міндетті. Мұндай жөнелту құжаттары төменде аталған құжаттарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:	Notification: For the Goods delivered under Incoterms, excluding DDP, the Supplier must, at least 5 (five) Business Days in advance of shipment, issue draft shipping documents to the Buyer and/or the Buyer's authorised forwarder. These shipping documents includes but not limited to the documents listed below:

a)	Технический Паспорт и техническое описание;	Техникалық паспорт және техникалық сипаттама;	Technical Datasheet and technical description;
b)	Коммерческий Инвойс (согласно Приложению-инструкции 1);	Коммерциялық инвойс (1-қосымша-нұсқаулыққа сәйкес);	Commercial Invoice (in accordance with Exhibit 1);
c)	Упаковочный лист (включая вес и размеры);	Буып-түю парағы (салмағы мен өлшемін қоса алғанда);	Packing list (including weights and dimensions);
d)	Ж/Д Накладная / Товарно-транспортная накладная / Список грузов / Авианакладная (при наличии);	Т/Ж жүккұжаты / Тауар-көлік жүккұжаты / Жүктердің тізімі / Әуе жүккұжаты (болған жағдайда);	Bill of Lading / CMR / Rail Manifest / Airway Bill (as applicable);
e)	План погрузки (при наличии);	Тиеу жоспары (болған жағдайда);	Loading plan (if applicable);
f)	План разгрузки и требования к хранению (при наличии);	Түсіру жоспары және сақтау жағдайларына қойылатын талаптар (болған жағдайда);	Unloading plan and storage requirements (if applicable);
g)	Сертификат производителя или иной другой аналогичный документ с указанием срока хранения и/или срока годности и даты производства Товара (при наличии);	Тауардың сақтау мерзімі және/немесе жарамдылық мерзімі мен өндірілген күні көрсетілген өндірушінің сертификаты немесе өзге де осыған ұқсас құжат (болған жағдайда);	Manufacturer's certificate or any other equivalent document which indicates the recommended maximum shelf life and/or useful life and the date of manufacturing of the Goods (if applicable);
h)	Заводской сертификат приемочного испытания и/или отчеты Инспекции Третьей Стороной (при наличии).	Қабылдау сынағының зауыттық сертификаты және/немесе бар болса, үшінші Тараптың инспекциялық есептері (болған жағдайда).	Factory acceptance test certificate and/or Third Party Inspection reports (if applicable).
i)	Любые другие документы, необходимые для сертификации и ввоза в Казахстан и любых других установленных законом целей; и	Сертификаттау және Қазақстанға әкелу және заңмен белгіленген кез келген басқа мақсаттар үшін қажетті кез келген басқа құжаттар; және	Any other documents required for the purpose of certification in, and importation into, Kazakhstan and for any other statutory purposes; and
j)	Документы выше должны содержать следующую информацию (при наличии):	Жоғарыда аталған құжаттар келесі ақпаратты қамтуы тиіс (болған жағдайда):	The documents above must include the following information (as applicable):
i	Номер и дата Договора Поставки;	Жеткізу шартының нөмірі және жасалған күні;	Purchase Order number and date;
ii	Дата отгрузки / готовности к отгрузке; и	Жөнелту / жөнелтуге дайындық күні, және	Shipping / readiness date; and
iii	Условия поставки.	Жеткізу талаптары.	Delivery Terms.
10.2	Упаковка:	Қаптамасы:	Packaging:
a)	Все Товары должны быть упакованы, промаркированы, задокументированы и транспортированы так, как указано в Условиях Поставки, настоящей Статье 10 и Инструкциях Покупателя по упаковке, маркировке и отгрузке, изложенных в Приложении-инструкции 7 (**«Инструкции PM&S»**), и в соответствии с правилами транспортировки, упаковки и маркировки, а также наилучшими методами, принятыми в промышленности, которые применимы к Поставке, в том числе во время перевозки, и, если применимо, требованиями, предъявляемыми к транспортировке Опасных материалов. Транспортируемые грузы должны быть, насколько это возможно, уложены в поддоны и/или упакованы в контейнеры;	Барлық Тауарлар Жеткізу талаптарында, осы 10-бапта және 7-қосымша-нұсқаулықта (**«PM&S нұсқаулықтары»**) көрсетілген орау, таңбалау және жөнелту жөніндегі Сатып алушының Нұсқаулықтарында және тасымалдау, буып-түю және таңбалау ережелеріне, сондай-ақ өнеркәсіпте қабылданған, Жеткізуге, оның ішінде тасымалдау кезінде қолданылатын ең жақсы әдістерге және егер қолданылса, Қауіпті материалдарды тасымалдауға қойылатын талаптарға сәйкес буып-түйілуі, таңбалануы, құжатталуы және тасымалдануы тиіс. Тасымалданатын жүктер мүмкіндігінше табандықтарға салынуы және/немесе контейнерлерге салынуы тиіс;	All Goods must be packed, marked, documented and transported as specified in the Delivery Terms, this Article 10 and the Buyer's Packing, Marking, and Shipping Instructions set out in Exhibit 7 (together the **«PM&S Instructions»**), and in accordance with transportation, packing and marking/labelling regulations, industry best practice applicable to the Supply, including during transit, and requirements pertaining to transportation of Hazardous Materials, where applicable. To the maximum extent possible, shipments shall be palletised and/or containerised;
